

## Тасбөгет кенті көшелеріне жаңадан атау беру туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 677 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2010 жылы 11 қарашада N 10-1-153 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдары, Қызылорда қалалық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 20 шілдедегі N 6/3 және 2010 жылғы 2 қыркүйектегі N 7/1 ұйғарымдары негізінде

**Ш Е Ш Е М І Н :**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті әкімінің 2012.04.03 N 937 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

1. Тасбөгет кентіндегі Жұмабай Әбенев көшесіне дейінгі Абай тұйығы – еңбек ардагері, "Ленин", "Еңбек Қызыл Ту" ордендерімен марапатталған Қалмұрат Е ш м а х а н о в е с і м і м е н ;

Тасбөгет кентіндегі Жұмабай Әбенев көшесінен кейінгі Абай көшесі мен Абай тұйығы деп аталып келген тұйық көше – еңбек ардагері, "Құрмет белгісі" ордені, "Еңбектегі ерлігі үшін", В.И.Лениннің 100 жылдығы юбилейлік медальдарына ие болған М ә д і Ә б д і р а м а н о в т ы ң е с і м і м е н ;

Тасбөгет кентіндегі Юрий Гагарин көшесі – еңбек ардагері, "Еңбектегі ерлігі үшін" медалі, Республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасының иегері Сартай М ы х а н о в т ы ң е с і м і м е н қ а й т а а т а л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау кент әкімінің орынбасары Ж.Байхадамовқа т а п с ы р ы л с ы н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**ӘКІМ**

**Ә. ҚҰТМАМБЕТОВ**